

Әкімдіктің 2010 жылғы 28 желтоқсандағы № 9974 "Тұрғын үйді пайдалануға төлем мөлшерін белгілеу туралы" қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 20 ақпандағы N 27 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Өскемен қалалық әділет басқармасында 2012 жылғы 27 наурызда № 5-1-182 тіркелді. Күші жойылды - Өскемен қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 28 қаңтардағы N 5072 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Өскемен қаласы әкімдігінің 28.01.2013 N 5072 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 97-бабының 1-тармағына, «Мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін есептеу әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі Төрағасының 2011 жылғы 26 тамыздағы № 306 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7232 тіркелген) бұйрығына сәйкес, Өскемен қаласының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Әкімдіктің 2010 жылғы 28 желтоқсандағы № 9974 «Тұрғын үйді пайдалануға төлем мөлшерін белгілеу туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5-1-158 тіркелген, 2011 жылғы 4 ақпандағы № 13 «Дидар», 2011 жылғы 3 ақпандағы № 13 «Рудный Алтай» газеттерінде жарияланған) қаулысына келесі толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулыға қосымша келесі мазмұндағы реттік нөмірлері 6, 7 жолдармен толықтырылсын:

6	Молдағұлова көшесі, 15/7	32 (отыз екі) теңге 50 (елу) тиын
7	Өтепов көшесі, 38	52 (елу екі) теңге 50 (елу) тиын

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Өскемен қаласының әкімі

С. Тәукебаев

